

УДК 619:616.33-002:636.32/.38

К. Нұрғалиева, магистрант

Н. Ж. Сариев, ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

ҚОЗЫЛАРДЫҢ ТОКСИКАЛЫҚ ДИСПЕПСИЯСЫ КЕЗІНДЕГІ ПАТОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Аннотация

Мақалада қозылардың токсикалық диспепсиясы кезіндегі патологиялық өзгерістерді зерттеудің нәтижелері берілген. Зерттеу нәтижелері бойынша қозылардың токсикалық диспепсия кезіндегі патологиялық процестің дамуы және өту барысының сипаттамасы алынды, аурудың кезеңдері мен паталогоанатомиялық өзгерістердің байланысы бар екені анықталды.

Түйін сөздер: *Диспепсия, қозылар, патология, токсикалық диспепсия, асқазан ішек аурулары.*

Кіріспе. Сау мал басын құру және халықты сапалы жануар өнімдерімен қамтамасыз ету – мал дәрігерлердің алдына қойылған басты талап. Қазіргі кезде мал шаруашылығын ойдағыдай дамыту үшін жиі кездесетін аурулардан сақтандыру, малдардың денсаулығына мұқият бақылау жасау, өсіріп-өндіру мәселелерін жете ойластыру керек. Осы аталған міндеттермен мақсаттарды орындауда әдетте мал дәрігерлері мен мал күтуші қызметкерлерге жүктеледі. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруда әртүрлі олқылықтар кездесуі мүмкін. Әсіресе жаңа туған төлдерді нашар азықтандырып, күтіп-баққан кезде, буаз малдарға ауыр немесе патологиялық туу кезінде акушерлік көмек көрсеткен кезде, аналық малдардың сүт безіне және желініне әр түрлі механикалық, биологиялық, токсикалық, инфекциялық факторлардың әсерінен зиян келуі мүмкін. Бұл жағдайда осының әсерінен мал ауырады немесе ауру әсерінен өлімге ұшырауы мүмкін [1, 2, 3].

Жоғары білікті мал дәрігері аурудың пайда болу себептерін, даму жолдарын, аурудың барысы мен аяқталуын анық білуі қажет. Аурудың туындауына әр түрлі биологиялық, физикалық, механикалық және т.б. әсерлер себеп болады. Аурудың дамуында организмнің иммунды жүйесінің орны ерекше. Аурудың клиникалық көріністері, оның нәтижесі осы иммунды жүйе қызметіне тікелей байланысты. Ауру дамуында жергілікті және жалпы процестердің өзара қарым-қатынасының орны ерекше. Ауру жергілікті патология есебінде басталады да, кейін бүкіл организм сырқатына айналады. Патогенез механизмдері негізінде бейімделу және орнын толықтыру процестері жатады. Осы екі процестің диалектикалық бірлігін есепке алғанда ғана сырқат жөнінде толық түсінік тудыруға болады. Демек, ауру дамуының әрбір кезеңін, оның морфологиялық көріністерін және клиникалық белгілерін үйрену сол ауруды дұрыс емдеу үшін аса қажет [4].

Бұл заңдылықтарды клиникалық бақылау және патологиялық процестерді модульдеу арқылы байқауға болады. Макро- және микроскопиялық өзгерістерді талдау арқылы мүшелер мен ұлпалардағы патологиялық үдіріс мағынасын анықтауға болады [5].

Диспепсия жаңа туылған төлдердегі ас қорыту мен зат алмасуының жіті бұзылуы болып саналады. Бұл жаңа туған төлдердің ас қорыту және зат алмасу процестерінің бұзылу салдарынан организмнің сусызданып, улануымен сипатталатын ауру. Ауру жіті түрде өтеді. Аурудың туу себептері әртүрлі болғандықтан, ол көп себепті аурулардың қатарына жатады. Жас туған төлге уызды алғаш рет дер кезінде берудің маңызы өте зор. Уызды бірінші рет төлдердің ему рефлексі пайда болғанда берген жөн. Ол үшін әр төлдің жатырдан шыққаннан кейінгі сыртқы ортаның жағдайына бейімделу мерзімінің әртүрлі екенін ескеру керек. Ол уақыт қозылар үшін 15-20 минут шамасында болады. Уызды алғаш рет төл төрт аяғынан тік тұрып емшек іздей бастағанда тойғанынша беру керек.

Төлдерге уызды, сүтті беру әдістеріне де көңіл белген дұрыс. Ең қолайлысы, аналық малдың мүмкіндігі болса, төлге емшекті емізу. Болмаған жағдайда желіннің сүт шығар тесігін реттеп, еміздікті қолданған жөн. Уызды үлкен ыдыспен қалай болса солай ішкізу, аш төлдің уызды асығыс қомағайлана жұтуы аурудың пайда болуының көп себептерінің бірі болып

табылады. Төлдерге таза жылы судың жеткіліксіздігі де аурудың бір себебі болып табылады. Төл қанша уыз қабылдаса, оған сонша су беру керек.

Төл алуды, оларды күтіп-бағуды, уақытында азықтандыруды дұрыс ұйымдастырмау, суық не ыстық тигізіп алу да аурудың пайда болуына өз әсерін тигізетін себептердің біріне саналады.

Соңғы жиырма жылда төлдер диспепсиясының себептерін анықтау мен онымен күресу жолдарын белгілеу мақсатындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары ауқымды көлемде жүргізіліп отырса да, жоғарыда айтылғандар келелі мәселелер қатарында қалып отыр [6].

Осыған орай қозылардың токсикалық диспепсиясы кезіндегі патологиялық өзгерістерді анықтауды жөн көрдік.

Зерттеу материалы және әдістер. Зерттеу материалы Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Атамекен елді мекенінде орналасқан асыл тұқымды ақжайық етті-жүнді қой шаруашылығында алынды. Жұмыс Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университетінің Ветеринарлық клиникасында жүргізілді.

Диспепсияның токсикалық формасы кезінде жалпы сипатталған патологиялық көріністерді назарға алдық. Зерттеу материалы диспепсиядан өлген 3 өлік.

Көптеген ғалымдардың зерттеуі бойынша төлдерде диспепсияның токсикалық формасы үш патологиялық кезең бойынша дамиды: 1 кезең аурудың 1-2 күні аралығында, 2 кезең – 3-4 күн аралығында, 3 кезең 5-6-шы күн аралығында өтеді [7]. Жарып сою кезінде жалпы белгілі әдістемелерді қолдандық. Қозылардың өлексесін сол жақ бүйірімен жатқыздық. Өлексені алдымен сырттай қараудан өткіздік, кейін жарып-сойып зерттеу мен ішкі мүшелерімен қуыстарын қарауға кірістік. Өлікті зерттеудің бастапқы сатысында оның терісіндегі топырақ, өсімдік қалдықтарын тазарттық. Өлікті екі жағын толықтай қарап шықтық. Сырттай зерттеу кезінде өлімнің шын белгілерін атап көрсеттік, сонымен бірге оған өліктің сіресіп қатып қалуы, өліктегі түрлі дақ дәрежесі, оның түстері мен мөлшері, қысым әсерінен өзгеруін анықтау жүргізілді. Өліктегі кейінгі құбылыстарды, іріңдену дәрежесін, зиянкестердің және олардың жұмыртқаларының қатысуын суреттейді. Ауыз қуысының, танаудың, құлақтың, артқы тесіктің табиғи саңылауларын қарадық.

Сырттай зерттеуден соң ішкі зерттеу жұмыстарына кірістік. Зерттеу жұмыстарының жүргізілу жылдамдығы белгілі өліктің жағдайына байланысты болды. Бірақ барлық жағдайда да өліктің келесі қуыстары назарға аударылды - бас сүйек, көкірек, құрсақ және жамбас қуысын жарып-сою кезінде олардың құрамындағы барлық мүшелерді зерттеуге алдық.

Оларды суреттеу келесідей үлгіде жүргізілді: көлемі-шамасы, салмағы, көлемі; пішіні-жалпы түрі мен шекарасы, бөліктерінің ара-қатынасы, шеттерінің күйі; беті-түсі, мөлдірлігі, қанның болуымен тамырлардың толу дәрежесі, ылғалдылығы пішіні мен көгерген және ойысқан қалпы, жылтырлығы, капсуласы қалай алынады; консистенциясы-тұтас мүшелердің, жекеленген бөліктерінің және аймақтарының жағдайы; ішкі құрылысы- паренхиматозды органдарды кесілген жерлердің беті, қуысты мүшелердің ішіндегісі, қуыстың қабынуы [8].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Өлікті жарып сойған кезде 1 кезең кезінде біз келесі мәліметтерді алдық. Жануар семіз емес, ауыз, танау, көз кілегей қабықтары ылғалды, көкшіл, тік ішек кілегей қабаты қызарған. Тері асты клетчаткасында аз ғана май бар. Ұлтабарда уыз қалдықтары бар, қышқыл иісті, ашыған айран түріне ұқсас.

Аш ішек құрамы ботқа тәріздес, сұр түсті, қышқыл иісті. Суда ерімеген ұн тәрізді. Кілегей қабаты қою кілегеймен қапталған, пышақпен оңай алынбайды, диффузды жинақталған гипиримия байқалады.

Тоқ ішек құрамы сұйық, ашық қоңыр түсті, ірің-қышқылды иіс, пластилин тәрізді ірітпектер бар. Кілегей қабаты қызарып, тығыздалған.

Аурудың 2 кезеңінде өлген қозы өлігінде біз келесі патологиялық көріністі байқадық. Қоңдылығы төмен, жүдеу, кілегей қабықтары құрғақ, сұр-көк түсті, тік ішек кілегей қабаты тығыз, қою сұр кілегей бар. Анус өзегі 1-1,5 см ашық, терісі нәжіспен ластанған. Тері асты клетчаткасында май аз.

Ұлтабарда қаймақ тәрізді, қышқыл іріңді иісті, тығыз резеңке консистенциялы, диаметрі 2-3 см болатын ірітпектер бар. Езген кезде оңай езіледі. Аш ішек бөлімі бос, аз ғана сұр қою түсті сулы сұйықтық бар. Кілегей қабығы тығыз, пышақпен қырған кезде көптеген нүктелі қан ұйындыларын көруге болады.

Соқыр ішекте құрамы қаймақ тәрізді, қоңыр түсті. Тік ішекте нәжіс тегіс орналаспаған. Серозды қабаттарында қан ұйындылары мен диффузды гиперемия байқалады.

Бауыр көлемі ұлғайған, строма сарғыш түсті, капсула паренхимадан ажыратылмайды. Ұйқы безі көлемі де ұлғайған, бетінде қан ұйындылары бар.

Диспепсияның 3 кезеңінде өлікте келесі көріністер байқалды. Жануар жүдеу, кілегей қабаттары құрғақ, сұр-көкшіл түсті, тік ішек кілегей қабаты тығыз, ісінген, бетінде қан ұйындылары бар. Пышақпен қырған кезде жайылған қан ұйындыларын көруге боалды. Көз алмасы көз орбитасына түсіп кеткен. Тері асты клечаткасында май жоқ, оның орнында желе тәрізді қоспа бар.

Ұлтабарда құрылымы жоқ, иісі бар шағын ашық жасыл сұйықтық бар. Кілегей қабатында диффузды гиперемия бар. Сонымен қатар, ішектердің сфинктеры аумағында сүзбе тәріздес тығыз, қоспалар жинақталған. Кілегей қабаты ісінген, бетінде қан аралас қалың кілегей қабаты бар. Аш ішектің серозды қабаты диффузды қызарған, қан ұйындылары бар.

Ток ішек қабырғалары борпылдақ, серпімділігі төмен. Құрамы ашық сұр сулы масса, ірің иісті, қан мен кілегей аралас. Кілегей қабаты ісінген, қызарған. Кілегей жоқ жерлерде қою қызыл түсті кілегей қабаты жақсы көрінеді.

Бауыр көлемі ұлғайған, капсуласы алынбайды. Мүше паренхимасы ашық қыыл және қою қоңыр түске боялған. Өт жолдарында сарғыш өт жинақталған. Ұйқы безі көлемі ұлғайған, қызарған, құрғақ. Жүрек бұлшықетінде паренхиматозды дистрофия байқалған. Бас миы мен жұлында ұсақ қан тамырларының гиперемиасы байқалған.

Қорытынды. Осылайша зерттеу жүргізу кезінде біз токсикалық диспепсия кезіндегі патологиялық процестің дамуы және өту барысы зерттеліп, аурудың кезеңдері мен патологоанатомиялық өзгерістердің байланысы бар екені анықталды. 2 кезеңнің ортасында төл ағзасында қалыпқа келмес өзгерістер жүреді, ал 3 кезеңде олар өршиді. Бұл кезде ауру жануарларға ем көрсетілмесе үдеріс летальды жолмен аяқталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Аликаев В.А. Болезни молодняка / В.А. Аликаев // Внутренние незаразные болезни сельскохозяйственных животных. – М., 1985. – С. 454-476;
- 2 Абрамов С. С., Арестов И. Г., Карпуть И. М. Профилактика незаразных болезней молодняка / С. С. Абрамов, И. Г. Арестов, И. М. Карпуть. – М.: Колос, 1993. – С. 24-56;
- 3 Кушалиев К.Ж. Жануарлар патологиясы" пәніне арналған оқу құралы / К.Ж. Кушалиев, С.А. Алимбеков, А.У. Сабыржанов. – Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2014. – 149 б.
- 4 Карпуть И.М. Иммунология и иммунопатология болезней молодняка / И.М. Карпуть. – Минск: Ураджай, 1993. – 288 с;
- 5 Кушалиев Қ.Ж. Жеке патологиялық морфология / Қ.Ж. Кушалиев, С.А. Алимбеков, А.У.Сабыржанов. – Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2007. – 129 с.
- 6 Судаков Н.А. Справочник по патологии обмена веществ у животных / Н.А. Судаков, А.Д. Грачев, В.Н. Береза и др. – М.: Колос, Урожай, 1984. – 240 с ;
- 7 Гительсон С. С. Желудочно-кишечные расстройства у новорожденных животных / С.С. Гительсон. – М.:Колос, 1974. – С. 34-36;
- 8 Жаров А.В. Вскрытие и патоморфологическая диагностика болезней животных / А.В. Жаров, И.З. Иванов, А.П. Стрельников. – М. : Колос, 2000. – 400 с.

РЕЗЮМЕ

В статье даны результаты исследования патологических изменений при токсической диспепсии у ягнят. Получена патологическая картина при токсической диспепсии у ягнят. Результаты исследований показывают, что при токсической диспепсии у ягнят имеется связь между стадиями болезни и изменениями патологического процесса.

RESUME

The article presents results of a study of pathological changes in toxic dyspepsia lambs. Received pathological picture with toxic dyspepsia lambs. The results show that the toxic dyspepsia lambs there is a connection between the stages of the disease and the pathological process changes.